

## "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 374/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 мамырда № 4469 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 23.01.2018 № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

осы қаулының ресми жариялануын заңнамамен белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындастын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*A. Вербняк*

Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы "10" сәуірдегі  
№ 374/4 қаулысымен  
бекітілген

**"Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Екібастұз қаласының аумағында ауыл шаруашылығын дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқығы бар.

7. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141203, Екібастұз қаласы, Екібастұз қаласының 50 жылдығы көшесі,

10.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел сельского хозяйства акимата города Экибастуз".

11. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заннамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте белгіленеді: бес күндік жұмыс аптасында сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

12. Мемлекет Екібастұз қаласының әкімдігі тұлғасында "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатаинастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

## **2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз

ету.

17. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты агроенеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру және іске асыру жолымен бәсекеге қабілетті агроенеркәсіп кешенін құру болып табылады.

18. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні ауыл шаруашылығының дамуына бағытталған

мемлекеттік саясатты жүргізу және ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл болып табылады.

#### 19. Міндеттері:

- 1) ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру;
- 2) нарықты, нарықтық инфрақұрылымды реттеу тетіктерін құруға және барлық ауыл шаруашылық тауар өндірушілері үшін қажетті экономикалық жағдайлар жасауда ықпал ету;
- 3) ауыл шаруашылығы секторын дамытудың тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру, қарқынын талдау, оның болашағын болжау және анықтау;
- 4) ауыл шаруашылығы секторында басқарудың маркетингтік жүйесін енгізу;
- 5) ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу нысандарын ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдай тудыру;
- 6) техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химиялау және ауыл шаруашылығын жабдықтау, мелиорация, ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне сервистік қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және жұмысты үйлестіру;
- 7) ауыл шаруашылығы және қайта өндеу салалары өнімдерінің сапалылығына, өсімдіктердің, тұқымдардың карантиніне, асыл тұқымдылықтың қадағалануына, сондай-ақ машиналар мен құрал-жабдықтардың техникалық жай-күйіне, кешенді мелиоративтік құрылыштарды, енбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік қағидаларына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 8) ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті өнімін азық-түлік базарларында көтерме бағамен сату жүйесін құру және дамыту, оның жыл бойы жеткізілуін қамтамасыз ету.

#### 20. Функциялары:

- 1) ауыл шаруашылық құрылымдарының жылжыуна мониторинг жүргізу және бақылауды жүзеге асыру, оларды құру және ұйымдастыру барысында барынша ыңғайлы жағдаймен қамтамасыз ету;
- 2) өңірдің ауыл шаруашылығындағы өзін-өзі үнемі ақтамайтын шаруашылықтар мен кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтыру (жақсарту) немесе тарату бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаларды орындау;
- 3) меншік нысанындағы барлық шаруашылықтар мен Екібастұз өнірінің аграрлық секторындағы шаруашылық түрлері қызметінің ахуалына есеп жүргізуге, жедел, статистикалық және бухгалтерлік есептіліктің ұйымдастырылуы мен жетілдірілуіне ықпал ету;
- 4) ауыл шаруашылығына қажетті тракторлар, комбайндар, автокөліктер, жабдықтар, ауыл шаруашылығына арналған машиналар, отын мен басқа да заңнамаға сәйкес материалды ресурстардың жобасын әзірлеу;

5) ауыл шаруашылығының кадрлық әлеуетіне талдау жүргізу, оның мамандарға қажеттілігін болжау, кадрларды дайындау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша іс-шаралар өзірлеу, ауылдық округтердің әкімдерінің ұсыныстары бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдарының резервін құру, оларды оқыту және резервтердің жылжуына бақылау жасау;

6) ауыл шаруашылығы жүйесіндегі заңды тұлғаларға азаматтық және еңбек құқығы мәселелерінде кеңес беру;

7) қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру;

8) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінен субсидиялаудың келесі бағдарламалары бойынша өтінімдер қабылдау:

мал шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыру;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;

көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдарың құны;

қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін, көкөніс дақылдары;

тыңайтқыштарды (органикалықтарды қоспағанда) сатып алу шығындары;

өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар құны;

тұқым шаруашылығын қолдау;

ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су жіберу қызметінің құны;

9) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру;

10) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу;

11) нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркелімдерді қоса алғанда, олардың тіркелімдерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды тіркеу, қайта тіркеу;

12) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркелімдерді қоса алғанда, олардың тіркелімдерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ

өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу күәлік беру және тіркеу;

13) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркелімдерді қоса алғанда, олардың тіркелімдерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы арнайы мемлекеттік техникалық байқау өткізу;

14) "Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркелімдерді қоса алғанда, олардың тіркелімдерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың болмауы (болуы) туралы ақпарат беру" мемлекеттік қызмет көрсету;

15) жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өндіретін өнім көлемін ұлғайту бойынша ұсыныстар әзірлеу, қаланы ауыл шаруашылығы өнімімен езіндік қамтамасыз ету және іске асыру мүмкіндігі мен әлеуетнің тиімді пайдаланылуына ықпал ету;

16) ауыл шаруашылығы өндірісін қаржылық қамтамасыз ету ресурстарының қажеттілігін анықтау және оларды қалыптастыру көздері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

17) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық жағдайын қарастыру, олардың қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша шаралар жүйесін әзірлеу;

18) ауыл шаруашылығының және қайта өндеу өнеркәсібі мен саяжай бағбандарының келешектегі жоспарлары мен даму болжамын әзірлеуге қатысу және бірыңғай техникалық саясатты жүргізу;

19) ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларды жетілдіру және терендету, шаруашылық жүргізудің түрлі нысындарын дамыту;

20) қала тұрғындарының мұқтаждығы мен сыртқы базарларға жеткізілетін тапсырыстарды қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы және балық өнімін өндіру мен қайта өндеуді үдетуге ынталандыру бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру;

21) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің мүдделерін қорғауға бағытталған қаржылық, несиелік және салық саясатын жүзеге асырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларының қызметі үшін барынша жағдай тудыруды дамытуға ұсыныс жасау;

22) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу бойынша

конкурстар өткізу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген басқа да қызметтерді жүзеге асыру.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы Ережемен қарастырылған өкілеттілікті іске асыру үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар мен өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу;

3) ауыл шаруашылығы мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес саладағы мамандардың мұдделерін қорғау;

5) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін қаланың өзге де атқарушы органдарымен, ұйымдарымен және мекемелерімен өзара іс-қимылда болады.

### **3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге а с ы р а д ы .

23. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Екібастұз қаласының әкімі қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

24. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте қызметкерлерді мадақтайды және тәртіптік жаза қолданады;

3) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар  
б е р е д і ;

4) "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де үйымдарда ұсынады;

5) "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолдануға дербес жауап береді ;

6) "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен төлем өткізу, соның ішінде ақша алушылардың тиісті шоттарына төлемдер өткізу бойынша қазынашылық органдармен тоқсан сайын салыстырып тексеруді қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

25. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

26. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Екібастұз қаласы әкімдігі арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық мешікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату**

31. "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.